

БУЛЛИНГ – БАЛА ӘЛЕМІНДЕГІ БҰЛІК

5-БЕТ | ҚАУІПСІЗ ҚОҒАМ



«ҚАСІРЕТТІ ТУРИЗМ» ҚАЖЕТ ПЕ?

6-БЕТ | САРАПТАМА



ТІЛДЕР МЕРЕКЕСІНДЕГІ ТУРНИР

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Еңбекқорлық – ең асыл қасиеттің бірі. Мен әр сөзімде осы мәселеге ерекше мән беремін. Маңдай термен келген адал еңбектің қадірін білетін жұрт озық ойлы ұлт болады. Халқымызда «Еңбегіне қарай – құрметі» деген жақсы сөз бар. Еңбек адамы – ел адамы.

№105
(4849)
Сенбі
6 қыркүйек
2025 жыл

ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ЦИФРЛАНҒАН ЕЛОРДА

Елорада Smart City стратегиялық жобасы іске асырылып жатыр. Оның негізгі элементі жасанды интеллектке негізделген қалалық Ахуалдық орталық болмақ. Астана қаласында LRT қозғалысын басқарудың ең жоғары автоматтандыру деңгейі – GoA-4 жүйесі енгізілуде. Бұл жүйе бойынша пойыздар машинистің қатысуынсыз толық автоматты түрде басқарылатын болады.



ҰЛТ ҰСТАЗЫНА ТАҒЗЫМ

Астанадағы Қаламгерлер аллеясында Қазақстан халқы тілдері күніне орай «Алаш қайраткерлері» ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсімі өтті.

5 қыркүйек – қазақ халқының тағдыры мен тілі үшін күрескен Алаш арысы, ұлт ұстазы, қазақ ғылымы мен мәдениетінің шамшырағы Ахмет Байтұрсынұлының туған күні. Биыл көрнекті ағартушы, ғалым, қоғам қайраткерінің туғанына 153 жыл толып отыр. Сонымен бірге бұл күн елімізде Қазақстан халқы тілдері күні ретінде атап өтіледі.

Осыған орай, арнайы өткен іс-шараға жазушы, филология ғылымдарының докторы, алаштанушы Тұрсын Жұртбай, Астана қаласының Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы Сәкен Есіркеп, Қоғамдық кеңестің төрағасы Зұлфұхар Ғайыпов, ҚР Жазушылар одағының Астана қалалық филиалының директоры Бауыржан Бабажанұлы бастаған зиялы қауым өкілдері, мемлекет және қоғам қайраткерлері, қала тұрғындары мен қонақтары, жастар қатысты.

САНСӨЙЛЕМ

ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ ЕЛОРДАДА ЖҰМЫССЫЗДЫҚ БОЙЫНША ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ ШАРАЛАРЫМЕН

11 275

АДАМ ҚАМТЫЛДЫ

АСТАНАДА 6-11 ҚЫРКҮЙЕК КҮНДЕРІ ПАРА ХОККЕЙДЕН (В-ПУЛ) ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ ӨТЕДІ. ЖАРЫСҚА ИТАЛИЯ, ЖАПОНИЯ, ШВЕЦИЯ, ҚАЗАҚСТАН, ФРАНЦИЯ ЖӘНЕ ФИНЛЯНДИЯ ҚҰРАМАЛАРЫ ҚАТЫСАДЫ.




КАМЕРА БӘРІН КӨРЕДІ

Елордадағы iKOMEK 109 орталығы қала аумағына орнатылған 12 мыңнан астам бейнебақылау камерасына қосылған. Соның арқасында орталық операторлары полиция қызметкерлерімен бірлесе отырып, жыл басынан бері 15 709 құқық бұзуды анықтады.

Камералардың басым бөлігі жол бөлігін, қиылыстарды, адамдар көп жиналатын орындарды – сауда орталықтарын, мешіттерді, ірі автобус аялдамаларын, вокзалдарды қамтиды. Қауіпсіздікті тиімді үйлестіру мен орталықтандырылған бақылауды қамтамасыз ету үшін iKOMEK109 орталығында Астана Полиция департаментінің қызметкерлері жұмыс істейді.

Осылайша, құқық қорғау органдарымен бірлесіп операторлар 2025 жылдың басынан бері 15 709 құқықбұзушылықты анықтады, олардың 1 027-сі бойынша хаттама рәсімделді.



6-7 ҚЫРКҮЙЕК

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘРМЕҢКЕСІ

Онда Жамбыл мен Ұлытау облыстарының ауылшаруашылық тауар өндірушілері Астанаға өнім әкеледі. Жәрмеңке «Қазанат» ипподромының автотұрағында (Қарқаралы тас жолы, 1) сағат 9:00-ден 18:00-ге дейін жұмыс өтеді.



№105 (4849) 06/09/2025 Сенбі



100 МИЛЛИОН ТОННА МҰНАЙ ӨНДІРЕМІЗ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мұнай-газ саласының қызметкерлерін кәсіби мерекесімен құттықтады. Ақордада өткен салтанатты жиында Президент мұнай-газ кешені ел экономикасының аса маңызды саласы екенін атап өтті.

«Сіздер осы салада адал еңбек етіп, мемлекетіміздің дамуына мол үлес қосып келесіздер. Бұл нағыз еңбек адамдарына тән қасиет деп санаймын. Жалпы, еліміздегі мұнай-газ өнеркәсібінің өзіндік дәстүрі, бай тарихы бар. Осы саланың қалыптасып, өркендеуіне бірнеше буын өкілдері зор еңбек сіңірді. Сіздерді аға буынның лайықты ізбасары деуге болады. Қазір мұнай-газ саласында екі жүз мыңнан астам адам жұмыс істейді. Сіздердің табанды еңбектеріңіздің арқасында Қазақстанымыз өркендеп, көркеюде. Мен мұны жоғары бағалаймын. Бәріңізге шынайы ризашылығымды білдіремін» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент былтыр қазақ мұнайының 125 жылдығы аталып өткенін еске салып, биыл да осы сала үшін айтулы жыл екеніне тоқталды. «Атырау мұнай өңдеу зауытының ашылғанына 80 жыл толды. Шымкент мұнай өңдеу зауытына 40 жыл, ал «QazaqGaz» ұлттық компаниясына 25 жыл толып отыр. Бұл мерекелік күндер еліміздің мұнай-газ саласының мән-маңызын көрсетеді. Мұнай мен газ – стратегиялық маңызы бар ресурс, бұл – жұртшылыққа белгілі дерек. Себебі бұл сала еліміздің өсіп-өркендеуіне айрықша ықпал етті. Тәуелсіздік жылдары қара алтынның игілігін молынан көрдік. Қазіргі таңда бұл сала қарқынды дамып келеді. Қазақстан әлемдік мұнай нарығындағы жетекші мемлекеттің бірі саналады. Егемендік кезеңінде еліміздегі мұнай өндірісі төрт есе өсті. Жақын арада мұнай өндіру көлемін жылына 100 миллион тоннаға жеткіземіз» деді Мемлекет басшысы.

ИНВЕСТИЦИЯ ИГІЛІГІН ХАЛЫҚ КӨРЕДІ

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан шикізат өндірумен қатар, оны терең өңдеуге баса мән беретінін айтты. «Бұл бағытта нақты жұмыс істеліп жатыр. Атырау, Павлодар, Шымкент қалаларында орналасқан үш ірі мұнай өңдеу зауыты жаңғыртылды. Соның арқасында біз ішкі нарықты сапалы жанар-жағармаймен толық қамтамасыз етіп отырмыз. Жүйелі жұмыстың нәтижесінде 13 миллионға жуық адам табиғи газға қол жеткізді. Қазір бұл бағытта бұрын-соңды болмаған ауқымды жобалар іске асырылуда. Қашағанда жаңа газ өңдеу зауытының құрылысы жүріп жатыр. «Бейнеу – Бозой – Шымкент» газ құбырының екінші желісі салынуда. Сондай-ақ біз қосымша құны жоғары өнімдер шығаруды қолға алдық. Мұнай-газ химиясы саласында бірқатар ірі жобаны іске қосамыз. Мұның бәрі 20 мыңға жуық жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді. Соның ішінде полиэтилен зауытын ерекше атап өткім келеді. Бұл – шетел инвесторларымен бірге іске асырылып жатқан маңызды жоба. Инвестиция көлемі 7 миллиард доллардан асады. «Қаламқас-теңіз» және «Хазар» секілді ірі теңіз кен орындарын игеру басталды. Алты миллиард доллардан астам инвестиция салынады. Теңіз платформаларының құрылысын отандық кеме құрастырушы кәсіпорындар жүргізеді. Бұл Қазақстанның мұнай-газ саласындағы үлкен оқиға болмақ. Аталған жобалардың бәрі энергетикалық әлеуетімізді нығайтып қана қоймай, ел экономикасының қарыштап дамуына ықпал етеді. Мұның игілігін барша халық көреді» деді Президент.



Қасым-Жомарт Тоқаев соңғы жылдары мемлекет экономиканың түрлі саласына шетел инвестициясын жүйелі түрде тарту жұмысына ерекше назар аударып отырғанын жеткізді. «Осы ретте жақында өткен Қытайға сапарымды атап өткім келеді. Бұл сапар шын мәнінде өте жемісті болды. Екі елдің арасындағы стратегиялық серіктестікке мықты әрі тың серпін берді. Екіжақты келіссөздердің күн тәртібі ауқымды және ең бастысы Қазақстанның ұлттық мүдделеріне, ең алдымен, экономика саласындағы мүдделеріне тікелей байланысты болды. Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпинмен әңгімелесу кезінде мәңгілік достық пен стратегиялық серіктестік рухындағы жан-жақты ынтымақтастыққа ерекше мән берілді. Қазақ-қытай іскерлік кеңесінің кезекті отырысының қорытындысы бойынша жалпы сомасы 15 миллиард доллар болатын жетпістен астам коммерциялық құжатқа қол қойылды. Қытайлық серіктестермен бірге мұнай-газ саласында көптеген жоба жүзеге асырылып жатыр. Сондай-ақ стратегиялық сипаттағы жаңа жобалар жоспарланған. Оның ішінде Ақтөбе облысында карбамид шығаратын газ-химия кешенінің құрылысы жөнінде CNPC компаниясымен жасалған келісімді ерекше атап өткім келеді. Жоба құны 1 миллиард доллардан асады. Атырау облысында этан және пропан тасымалдауға арналған магистральді құбыр құрылысын қаржыландыру бойынша Қытай даму банкімен жасалған уағдаластықтың да маңызы зор. Келісімнің жалпы сомасы 530 миллион долларға жуық. Біз барлық халықаралық инвесторлармен ықпалдастықты тереңдетуге әрдайым баса мән береміз. Мұнай-газ саласында американдық, ресейлік, еуропалық және қытайлық корпорациялармен көп жылдар бойы жалғасып келе жатқан серіктестік – соның айқын дәлелі» деді Мемлекет басшысы.

КӨМІРДЕН БАС ТАРТПАЙМЫЗ

Президенттің пікірінше, әлемдегі мұнай-газ саласы көптеген мемлекет пен белгілі сарапшылардың жіті бақылауында. Саланың келешегі оның жаһан экономикасының даму перспективасына ықпал етуі тұрғысынан талқыланып жатыр. «Менің пайымдауымша, көмірсутегі дүние жүзінің энергетика нарығында, сәйкесінше, Қазақстанның энергетика саласында бұрынғыдай басты рөлге ие бола береді. Бірқатар елдің, соның ішінде еуропалық мемлекеттердің тәжірибесі көрсеткендей, балама қуат көзі қажеттілікті толық өтей алмайды. Бұдан бөлек, өнеркәсіпте, соның ішінде электр стансаларының құрылысында көмірді залалсыздандыратын озық технологияны пайдалануға баса мән беру қажет. Қазақстанның энергия балансында көмірдің үлесі 70 пайызға жуық екені мәлім. Еліміз көмір өндіруден он ірі елдің қатарына кіреді. Бұл артықшылықтан бас тартпаған жөн. Керісінше, оны тиімді пайдалану керек» деді Мемлекет басшысы.

ЗАМАНАУИ ҮРДІСТЕРГЕ САЙ БОЛУЫ КЕРЕК

Президент отандық мұнай-газ кешенінің алдында технологиялық жаңғыру, атап айтқанда, жасанды интеллектіні енгізу міндеті тұрғанын жеткізді. Бұл өте өзекті. «Заманауи технологиялар мұнай және мұнай өнімдерін өндіру, тасымалдау және қайта өңдеу ісін оңтайландыруға ықпал ету қажет. Отандық мұнай-газ өнеркәсібі заманауи үрдістерге сай болуы керек. Сондықтан осы салаға таза және озық технологияларды енгізу өте маңызды. Геологиялық барлау жұмыстарын күшейтіп, жаңа кен орындарын ашуға баса мән беру керек. Бұған қоса осы салаға білімді, жас кадрларды тартып, адам әлеуетін барынша арттыру қажет. Себебі жаһандық бәсекеге қабілетті болу үшін бізге, ең алдымен, білікті мамандар керек. Білім бағдарламасын жетілдіріп, зерттеу орталықтарын дамытқан жөн. Осы міндеттерді сапалы орындасақ, Әділетті, Қуатты, Таза және Озық Қазақстанның қалыптасуына жол ашамыз» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ЕҢБЕККӨРЛІК – ЕҢ АСЫЛ ҚАСИЕТ

Мемлекет басшысы қоғамдағы еңбек адамының орны туралы пікір білдірді «Еңбекқорлық – ең асыл қасиеттің бірі. Мен әр сөзімде осы мәселеге ерекше мән беремін. Маңдай термен келген адал еңбектің қадірін білетін жұрт озық ойлы ұлт болады. Халқымызда «Еңбегіне қарай – құрметі» деген жақсы сөз бар. Еңбек адамы – ел адамы. Еңбек адамы, ең алдымен, туған елінің жарқын келешегі үшін аянбай жұмыс істейтін адам. Сондықтан қазір біз елімізде жұмысшы мамандарын кеңінен дәріптеп, оларға ерекше құрмет көрсетіп жатырмыз. Мен жыл басынан бері еліміздің әр саласында жұмыс істеп жүрген азаматтарды арнайы шақырып, марапаттап жатырмын. Мұны халқымыздың Сіздерге көрсеткен ыстық ықыласы, шынайы құрметі мен алғысы деп түсінген жөн» деді Президент.

Салтанатты іс-шарада Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің мұнай-газ саласын дамытуға елеулі үлес қосқан бір топ азаматты мемлекеттік наградалармен марапаттады.

АСТАНА ӘКІМІН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбекті қабылдады. Президентке елорданың әлеуметтік-экономикалық және инфрақұрылымдық дамуы жайында есеп берілді. Мемлекет басшысына барлық басты экономикалық көрсеткіштер бойынша оң динамика сақталып отырғаны баяндалды.



Негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 7 айда 1,2 триллион теңгені құрады. Бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 42,1 пайызға жоғары. Биыл жалпы құны 300 миллиард теңге болатын 55 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланып отыр. Бұл бастамалар 3,6 мың жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді .

Астана әкімі әлеуметтік нысандардың құрылысы, апатты жағдайдағы ескі үйлерді бұзу, тұрғын үй алаптарын дамыту, қаланы абаттандыру және көгалдандыру жұмыстары туралы айтты. Мемлекет басшысының тапсырмасына сай, «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында елордада 1 қыркүйекте 28 мың оқушыға арналған 7 жаңа мектеп ашылды. Осы оқу жылында қалада 15 жаңа мектеп пайдалануға берілмек. Былтырғы кезеңде 66 мың оқушыға арналған 24 мектеп, соның ішінде 16 «Келешек мектебі» ашылды. Жыл соңына дейін 4716 студентке арналған 8 жатақхана бой көтереді. Биыл Астанада 170 аула мен қоғамдық кеңістікті абаттандырып, 1 миллионнан аса жасыл желек егу жоспарланып отыр.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа жылыту маусымына дайындық жайында мәлімет берілді. Үшінші жылу электр орталығының бірінші кезегін, сондай-ақ «Тұран» және «Оңтүстік-Шығыс» газ стансаларын пайдалануға беру арқылы шаһардың жылыту қуаты 30 пайызға ұлғайған. Яғни қосымша 1100Гкал/сағат қуат өндіре бастады. Биыл «Тұран» стансасының екінші кезегін аяқтау жоспарланған. «Тельман» стансасының құрылысы жүріп жатыр. Екінші жылу электр орталығын кеңейту және «Оңтүстік-Батыс» газ жылу стансасын жобалау көзделіп отыр. Кездесу соңында Мемлекет басшысы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және әлеуметтік сала нысандарын алдағы жылыту маусымына дайындау, жаңбыр суына арналған кәріз жүйесін реттеу, жол-көлік инфрақұрылымы мен абаттандыру мәселелерін шешу жөнінде бірқатар тапсырма берді.

№105 (4849) 06/09/2025 Сенбі

БІЛІМ ГРАНТТАРЫ БЕРІЛДІ

Елорда мектептерінің 50 түлегіне білім гранты табысталды. Бұл көмек әлеуметтік жағынан осал топтарға, атап айтқанда, жетім балалар, балалар үйінің түлектері, бала кезінен мүгедектігі бар жастар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалғандар, асыраушысынан айырылғандар, көпбалалы отбасылардың балаларына дәстүрлі түрде беріліп келеді.



Астана қаласы әкімінің орынбасары Ерік Мейірхановтың айтуынша, елордада жастарға сапалы білім алуға барлық жағдай жасалған. Әлеуметтік жобалар мен ғылыми бастамаларды қолдау арқылы бас қалада жас мамандарға қолайлы орта қалыптасып келеді.

«Бұрын 38 сертификат берілсе, биыл олардың саны артты. Бұл – студенттерге беріліп отырған жаңа мүмкіндік. Мұндай қолдаулар жастардың оқып, дамуына, мықты маман иесі болуына, ел болашағының негізін қалауға ықпал етеді» дейді қалалық мәслихат төрағасы Табиғат Зейнұлқабден.

Еуразия ұлттық университетінің проректоры Ардақ Бейсенбай да мемлекет пен қала әкімдігі жастарға әрдайым ерекше көңіл бөлетінін айтты.

«Оның ішінде – мектептердегі тегін білім, гранттар, Ұлттық қордан берілетін көмек, сондай-ақ әкімдік пен мәслихаттың да қолдауы бар» дейді Ардақ Бейсенбай.

ЕСКЕРТКІШ АЙНАЛАСЫН ТАЗАЛАДЫ

Кеше Астана қаласы әкімдігінің Бірлескен музейлер дирекциясы «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында Ыбырай Алтынсарин ескерткішінің айналасында, ұлт ұстазының аты берілген №83 мектеп-гимназия ауласында тазалық жұмыстарын жүргізді.



Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Аталмыш дирекцияға «АЛЖИР» мемориалды музей-кешені, Сәкен Сейфуллин музейі, Тарихи-мәдени мұра объектілерін және ескерткіштерді сақтауды қамтамасыз ету орталығы қарайды. Экологиялық акцияға осы мекемелердің 30 қызметкері қатысты.

«Бүгінгі іс-шараны елімізде жүріп жатқан «Таза Қазақстан» экологиялық акциясын қолдау мақсатында өткізіп отырмыз. Осы акция тек көрініс үшін ғана емес, қоғамдағы адамдардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру ниетімен жүзеге асып жатыр. Біздің дирекция қаладағы музейлермен қатар, ескерткіштер мен мәдени мұраға да жауап береді. Сондықтан елордадағы монументтер мен ескерткіштердің тазалығын, жақсы күйде күтіп ұсталуын қамтамасыз етеміз. Жалпы Астанада 70-ке жуық ескерткіш орналасқан. Соны жылдың әр мезгіліндегі күтімі – біздің мойнымызда. «Таза Қазақстан» экологиялық акциясының елімізде үзілмей жүргізілгені дұрыс. Әр нәрсені қайталай берсеңіз, ол күнделікті салтқа айналады ғой, сол себептен осы акция тоқтатылмауы керек. Ал тұрғындардың қаладағы ескерткіштер мен мәдени мұраға ұқыптылықпен қараса екен деген тілегіміз бар. Вандализмге жол берілмеу қажет» деді Астана қаласы әкімдігінің Бірлескен музейлер дирекциясы директорының міндетін атқарушы Баянды Сахарияұлы.

СЫНЫПТА – «ЖАС ШЕКАРАШЫЛАР»

Бүгін елордадағы Төлеген Айбергенов атындағы №16 орта мектепте «Жас шекарашы» әскери-патриоттық сыныбы ашылды. Тамаша бастама жас ұрпақты отансүйгіштікке, патриотизмге және әскери қызметті құрметтеуге бағытталған.

Төлен ТІЛЕУБАЙ

Мерекелік рәсімге жас шекарашылардың ата-аналары, шетелдік қонақтар, ҚР ҰҚК Шекара қызметінің өкілдері, «Застава тарландары» республикалық ардагер шекарашылар қоғамдық бірлестігінің мүшелері, мектеп мұғалімдері мен оқушылар, БАҚ өкілдері қатысты.



Салтанатты жиынның басында ерлік пен өрлік мектебі болып қалыптасатын «Жас шекарашы» әскери-патриоттық клубының мүшелері кәсіби шекарашылар – үш генерал-майордың алдында ант берді. Одан кейін клубтың туын «Застава тарландары» қоғамдық бірлестігінің төрағасы, генерал-майор М.Сабидолданов қабылдап, мектеп директоры Сәуле Әзімхановаға тапсырды. Жылышырайлы құттықтаулардан соң оқушылар «Жас шекарашы» әнұранын шырқады. Одан әрі мектеп ауласындағы «Шекара қалашығы» оқу-тәжірибелік нысаны мен заманауи жабдықталған әскери-патриоттық сыныптың ашылуы өтті. Мектептегі мерейлі күнге арнайы Түркиядан келген әуесқой суретші Нұрлан Ахметов ақынның қызы Айнар Төлегенқызының өтінішімен өз қолымен салған ақын Төлеген Айбергенов пен әнші Димаш Құдайбергеннің суреттерін Сәуле Мыңшалқызына құрметпен табыс етті. Ол Димаштың 30-ға жуық суреттерін салыпты.



АЗЫҚ-ТҮЛІК БАҒАСЫ ТҰРАҚТАНА МА?

Астана қалалық мәслихатының депутаттары әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру мәселелері бойынша қоғамдық тыңдау өткізді.

Бүгінде елордадағы 120 сауда нүктесінде 34 мың тоннаға жуық өнім (19 атау) тұрақтандырылған бағамен сатылуда. Бұл мақсатқа бюджеттен қаржы бөлініп, өңірлік өндірушілермен келісімшарттар жасалды. Тыңдауға дайындық аясында депутаттар елорданың бірқатар базарлары мен сауда желілерін аралап, бірқатар проблемаларды анықтады: ескірген базарлар, әлсіз инфрақұрылым және баға саясатына жеткіліксіз бақылау, – деді мәслихат төрағасы Табиғат Зейнұлқабден.

Қоғамдық тыңдау қорытындысы бойынша бірқатар шешімдер қабылданды. Атап айтқанда, бағалар мен санитарлық талаптарға бақылауды күшейту, ескі базарларды жаңғырту және көлік инфрақұрылымын дамыту, елорданың азық-түлік белдеуін қалыптастыру жұмысын жандандыру, сондай-ақ тұрғындарға тұрақтандырылған бағалар туралы түсіндіру жұмыстарын күшейту бойынша шешімдер шықты.

Қазіргі таңда Астанада 10-нан астам ірі базар жұмыс істейді. Алайда олардың көпшілігі жаңғыртудан өтпеген және заманауи талаптарға сай келмейді. Депутаттар бұл мәселеге ерекше назар аударып, белгіленген мерзімдердің орындалуын қамтамасыз етуді тапсырды.

ИНКЛЮЗИЯНЫ ҚОЛДАУ КАБИНЕТТЕРІ АШЫЛДЫ

Елордадағы тағы 10 мектепте инклюзияны қолдау кабинеттері ашылды. Инклюзивті кабинеттердің бірінің ресми түрде ашылуы қаладағы №91 мектеп-гимназияда өтіп, оған «Самұрық-Қазына» АҚ, қалалық білім басқармасының өкілдері, Мәжіліс депутаттары қатысты.



Райхан РАХМЕТОВА

Жаңа кабинеттер ерекше білім беруді қажет ететін 510 балаға қолдау көрсетеді. Олар өз мектебінде жаңа дағдыларды меңгеріп, шығармашылықпен айналысып, бейімделген жаттығулар жасай алады. Балалармен дефектологтар, психологтар, логопедтер және басқа да мамандар жұмыс істейді. Әрбір кабинеттің аумағы 60 шаршы метрден асады. Онда емдік дене шынықтыру аймағы, сенсорлық бөлме, ойын аймағы және қыш шеберханасы жабдықталған. Кабинеттерді ашуға қажетті қаражаттың бір бөлігі III Samruk Charity Marathon қайырымдылық марафоны кезінде жиналды, онда 208 млн теңге тартылған болатын.

– Елімізде ерекше білім беру қажеттіліктері бар 210 мыңнан астам бала тұрады. Алайда Қазақстанда мектептердің 11 пайызында ғана инклюзияны қолдау кабинеттері ашылған. Бізге инклюзивті білім беру барлық бала үшін қолжетімді болғаны маңызды. «Самұрық-Қазына» қорымен бірлесе осы бағытта жұмыс жүргізудеміз. Бүгін Астанада сондай 10 кабинет ашылуда, олар елордадағы ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың 40 пайызын қамтиды. Сонымен қатар елімізде жылдың соңына дейін «Самұрық-Қазына» қорының 9 оңалту орталығы ашылады. Бұл қадамның бәрі балалар үшін қажетті жағдайды жасауға септік етеді, – дейді ҚР Балалар құқықтары жөніндегі уәкілі Динара Закиева.

Осы кабинетті қосқанда Астанадағы инклюзивті кабинеттердің жалпы саны 21-ге жетті. Бүгінде онда 1054 бала білім алуда, бұл – елордадағы ерекше білім беруді қажет ететін балалардың 40%-ын құрайды. Жоба «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобы атынан «Samruk-Kazyna Trust» корпоративтік қоры және Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен іске асуда.

Ашылу салтанатына «Самұрық-Қазына» АҚ басқарма төрағасы Нұрлан Жақыпов, Астана қаласы Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазыев, сенатор Руслан Рүстемов, Мәжіліс депутаты Таңсәуле Серіков және басқа қоғам өкілдері қатысты.

№105 (4849) 06/09/2025 Сенбі



ТІЛ – ТАТУЛЫҚ ТІРЕГІ

Астана қаласы, Байқоңыр ауданының әлеуметтік қызмет көрсету орталығында Қазақстан халқының тілдері күніне орай «Тіл – татулық тірегі» атты әдеби-танымдық сабақ өткізілді.

Әдеби іс-шараға Белсенді ұзақ өмір сүру орталығында тіл үйренуші зейнеткерлер мен «Ұрпаққа аманат» зияткерлік клубының мүшелері, тіл жанашырлары қатысты. Жиынның басты мақсаты – мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру, тіл үйренуге ынталандыру және тілдік қатынас арқылы ұлтаралық достықты кейінгі ұрпаққа насихаттау.

Әдеби сабақ барысында зияткерлік клуб мүшелері мемлекеттік тіл тақырыбында даналық ойларын жатқа айтып, өздерінің тілге деген құрметі мен жанашырлығын паш етті. Ал бастауыш топ тіл үйренуші зейнеткерлер тіл туралы қанатты сөздерді жатқа оқып, өздерінің тілді үйренуге деген құлшынысын көрсетті.

Сабақтың мазмұнын тереңдете түскен бөлімдердің бірі – Алаш арысы, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы туралы айтылған мазмұнды деректер болды. барысында сөз алған Байқоңыр ауданының Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы, қазақ тілі үйірмесінің жетекшісі Маржан Пірімбетова:

«Ахмет Байтұрсынұлының тіл үшін атқарған еңбегі – баға жетпес мұра. Ол – ұлт тілі арқылы елді біріктіріп, бірлік пен татулыққа бастайтын жолды көрсетті. Ахмет атамыз: «Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деп бекер айтпаған. Бүгінгі «Тіл – татулық тірегі» атты шара – сол асыл мұраның жалғасы, мемлекеттік тілге деген ортақ құрметтің көрінісі» деп атап өтті.

Әдеби-танымдық сабақ соңында Мұхтар Шахановтың «Тіл мен Рух» әні шырқалып, жиынның мазмұнын рухани тұрғыда байыта түсті.

КӨМІРДІ ҚАЙДАН АЛАМЫЗ?

Биыл елордада тұрғындарға көмір сатуға арналған 17 қойма (тұйық) бар, олардың ішінде 14 сату орны жұмыс істеп тұр. Барлығы тиісті инфрақұрылыммен және тиеу-түсіру техникасымен толық жабдықталған.

Бұл сату орындарында 8 көмір жеткізуші компания қызмет көрсетеді. Олар мына мекенжайларда орналасқан: Герцен көшесі, 4/1, Герцен көшесі, 6/2, Көктал, 28/2, Мақат, 40, Жамбыл Жабаев көшесі, 76, Ахмет Жұбанов көшесі, 35, Дулатов көшесі, 182/1, 85-көше (ЖЭО-3 ауданы), уч. 9А, Герцен көшесі, 6Б.

Қазіргі таңда Астанада көмірдің орташа бағасы мынадай: Шұбаркөл – 18 000 теңге/тонна; Қаражыра – 18 500 теңге/тонна; Майкөбе – 15 500 теңге/тонна.

Еске сала кетейік, қалада



«109» бірыңғай нөмірі бойынша байланыс орталығы жұмыс істейді. Осы нөмір арқылы көмірдің қолжетімділігі, бағасы және сату орындары туралы қажетті ақпарат алуға болады.

ЦИФРЛАНҒАН АСТАНА

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Астанада Smart City стратегиялық жобасы іске асырылып жатыр. Оның негізгі элементі жасанды интеллектке негізделген қалалық Ахуалдық орталық болмақ. Бұл туралы қалалық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Астана қаласы Цифрландыру және мемлекеттік қызметтер басқармасының басшысы Берік Ахметов мәлімдеді.

Ахуалдық орталық бейнебақылау, көлік, ТКШ, денсаулық сақтау, білім беру және басқа да 15-тен астам қалалық және республикалық жүйені біріктіреді. Бұл басқарушылық шешімдерді жедел қабылдауға және шұғыл қызметтердің әрекет ету уақытын қысқартуға мүмкіндік береді. Спикердің айтуынша, елордада бейнебақылау инфрақұрылымын ауқымды жаңғырту жұмысы қарқынды жүргізілуде.

Жыл соңына дейін қалада 20 мыңнан астам жаңа интеллектуалды бейнекамера орнатылады. Олар жасанды интеллектке негізделген 35-тен астам видеосараптама алгоритмімен жабдықталады. Оған бет-әлпетті және қимыл-қозғалысты тану, жол қозғалысын талдау және шұғыл қызметтерге автоматты хабарлау кіреді. Жобаны іске асыруды жыл соңына дейін аяқтау жоспарланған.

Көлік саласына келсек, бүгінде елордада ЛРТ қозғалысын басқарудың ең жоғары автоматтандыру деңгейі – GoA-4 жүйесі енгізілуде. Бұл жүйе пойыздарды машинистің қатысуынсыз толық автоматты түрде басқаруды көздейді. Сонымен қатар көлік ағындарын модельдеуге және болжауға арналған машиналық оқытуға негізделген Aimsun жүйесі жұмыс істеп тұр. Оның көмегімен кептелістердің алдын алу және жол қозғалысы сызбаларын цифрлық модель негізінде оңтайландыруға болады.

«Астанада электронды жолақы төлеу жүйесі енгізілді. Ол 2 миллионнан астам көлік картасын және тәулігіне 650 мың сапарды қамтып отыр. Сонымен бірге оқушылар мен жеңілдік иелеріне 27 мыңнан астам виртуалды карта берілді. Қазіргі таңда жолаушыларды бейнеқұралдар арқылы санау, билетсіз жүргіншілерді талдау және көлік IT-инфрақұрылымын заманауи деректер орталығына біріктіру бойынша шешімдер енгізілуде» деді басқарма басшысы.

Смарт-шешімдерді белсенді енгізу елорданың денсаулық сақтау саласындағы қызметтерді жақсартуға да ықпал етіп отыр. Жыл соңына дейін жедел жәрдем автопаркіндегі 100 көлікке бейнебақылау жүйесі орнатылады. Жазбалар 30 күнге дейін сақталады. Сонымен бірге жедел жәрдем көліктерінің келуін нақты уақыт режимінде Яндекс.Карта арқылы бақылау жүйесі іске қосылды. Бұл тұрғындарды жедел ақпараттандыруға және шұғыл қызметтердің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

«Денсаулық сақтаудағы маңызды қадамдардың бірі



– PACS жүйесін енгізу. Бұл жасанды интеллектпен толықтырылған цифрлық радиология, ол 4 миллионнан астам зерттеуді бірыңғай архивте біріктіреді. Соның арқасында диагностика мерзімі 30 күннен 3 күнге дейін қысқарады. AI-алгоритмдер ісікті 90%-дан жоғары дәлдікпен анықтайды. Дәрігерлер кез келген қалалық клиникадан видеоға лезде қол жеткізе алады» деп толықтырды спикер.

Сонымен қатар елордада «Әлеуметтік әмиян» жобасы табысты жүзеге асырылуда. Ол әлеуметтік осал топтардың мемлекеттен берілетін жеңілдіктерді алуын жеңілдетіп, жәрдемақылардың мақсатты жұмсалуын бақылауға мүмкіндік береді.

500 МЫҢЫНШЫ ТҰРҒЫНМЕН ТІЛДЕСКЕНДЕ...

2002 жылы 27 сәуір күні елорда тарихында ерекше кезең тіркеліп, Астана қаласының тұрғындар саны 500 мың адамға жетті. Осы маңызды межеге Ержан мен Ләззат Мағзумовтардың отбасында дүниеге келген Ақнұр есімді сәби себепкер болды. Бұл тек бір отбасы үшін ғана емес, тұтас қала үшін символдық мәнге ие оқиғаға айналды.

Елордалық Ақнұр 2002 жылы қаладағы №2 перзентханада дүниеге келген. Анасы Ләззат Мағзумованың айтуынша, тұңғышының елорданың 500 мыңыншы тұрғын ретінде тіркелуі күтпеген оқиға болған.

«Біз Астанаға 1990 жылдары Ақмола облысынан көшіп келдік. Алғашқы перзентімізді тағатсыздана күттік. Қыз баланың өмірге келетінін алдын ала білсек те, есім таңдауға асықпадық. Дәстүрімізге сай бұл құрметті міндетті әжесіне тапсырдық. Ал оның елорданың 500 мыңыншы тұрғыны ретінде тіркелуі біз үшін күтпеген, ерекше қуанышты оқиға болды» дейді ол.

Ақнұр мектепті сәтті аяқтаған соң, бухгалтерия саласын таңдаған. Қазір ол өз мамандығы бойынша елордада еңбек етіп, кәсіби жолын табысты жалғастырып келеді.

«Қызым Астана қаласындағы №3 мектеп-гимназияны бітірген соң, Лев Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің жоғары колледжіне оқуға түсіп, қаржы мамандығын меңгерді. Кейін Esil University-де мамандығы бойынша жоғары білім алды. Қазір жеке компанияда бухгалтер болып жұмыс істейді» дейді Ләззат Мағзумова.

23 жастағы Ақнұр Астана тарихындағы символдық сәттің бір бөлігі болғанына мақтанатынын айтты.

«Ата-анам кішкентайымнан бастап газеттерді көрсетіп, «Сен Астананың 500 мыңыншы тұрғынысың, туғаныңда үй берілген» деп мақтанышпен айтып отыратын. Астана тарихындағы осындай маңызды сәттің бір бөлігі болғаным – мен үшін үлкен мақтаныш. Шынымды айтсам, күнделікті өмірімде



аса өзгеріс болмаса да, жақындарым бұл оқиғаны үнемі еске алып жүреді» дейді ол.

Анасы Ләззаттың айтуынша, Ақнұр саяхаттағанды жақсы көреді.

«Біздің қызымыз әр ісіне мұқият, жауапкершілікті жоғары қоя біледі. Кішіпейіл әрі тәрбиелі болып өсті. Психология тақырыбына қызығушылығы зор, жан-дүниені тануға құштар. Саяхаттауды жаны сүйеді және жаңа жерлерді көріп, түрлі мәдениетпен танысқанды ұнатады» дейді ол.

Ләззат Мағзумованың сөзінше, Ақнұрдың туғаны олардың отбасына жаңа леп, қуаныш пен бақыт әкелген.

«Ақнұрдан кейін ұлды болдық. Алла бізге алдымен қыз берді, артынан несібесін де үйіп-төгіп берді. Ақнұр өмірімізге жарық сыйлап, үйімізге шуағын шашты. Шаттыққа бөлеп, жүрегімізге қуаныш ұялатқан бақытты сәттерді тарту етті. Балаларымыздың барына күнде шүкір айтып отырамыз» дейді анасы.

Бүгінде, яғни арада жиырма үш жыл өткен соң, Ақнұр жаңа өмірге қадам басып отыр. Қаланың 500 мыңыншы тұрғыны ретінде тіркелген ол, өз азаматымен бірге отбасын құрып, елордамен бірге өркендеген тағдырын жалғастырмақ.

«Дәл қазіргі уақытта мен үшін ең маңызды мақсат – кәсіби тұрғыда алға жылжи отырып, сол жолда отбасымның бақытын да естен шығармай, екеуін тең ұстау. Өйткені шынайы бақыт тек қана жеке жетістіктермен ғана емес, жақындарымның қолдауымен де байланысты деп есептеймін» дейді Ақнұр.

Жиырма үш жыл ішінде Ақнұр өз өмірін қалыптастырып, үлкен жетістіктерге жетті. Енді ол өз туған қаласының өркендеуіне үлес қосуды жалғастырмақ.

Зарина СӘРСЕНБАЙҚЫЗЫ

№105 (4849) 06/09/2025 Сенбі

БУЛЛИНГ – БАЛА ӘЛЕМІНДЕГІ БҮЛІК

Қоғамдағы өткір мәселенің бірі – балалар арасындағы буллинг. Мазақ ету, шеттету немесе күш көрсету бір сәттік ойын болып көрінгенімен, бала психикасына кері әсер етеді. Сондықтан бүгінгінің бүлігіне қарсы тұру – тек мектептің емес, баршаның міндеті.



Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ

Әр бала өзін қауіпсіз ортада сезінуге құқылы. Психологтардың айтуынша, өз ортасында буллингке ұшыраған балаларда қорқыныш, өзін төмен бағалау, жалғыздық сезімі пайда болады екен.

«Бұл олардың тек оқу үлгеріміне ғана емес, алдағы уақытта тұлғалық дамуына да теріс әсерін береді. Сөз – адамға қанат бітіруі де, жүрегін жаралауы да мүмкін. Әсіресе, жасөспірім кезеңіндегі бала үшін айтылған әрбір ауыр сөз – санасына із қалдырады. Сол себепті мұғалімдер мен ата-аналар балаларға дұрыс қарым-қатынастың, құрмет пен мейірімділіктің маңызын үйретуі қажет» дейді психолог Мөлдір Әлжанқызы.

Оның айтуынша, буллинг деген ұғым соңғы жылдары жиі айтылып жүр. Балалар арасында кездесетін ұрып-соғу, итеру, затын тартып алу – физикалық буллинг, жаман сөздер айтып, мазақтау – вербалды буллинг, әдейі шеттету – әлеуметтік буллинг, ал әлеуметтік желілерде тіл тигізу, жала жабу – кибербуллинг деп аталады екен. Мұның ішінде балалар үшін кибербуллинг қауіпті болып отыр. Ақпарат тасқыны заманында кез келген фото, видео көпшілікке тез таралып кетеді. Ал бұл жәбірленуші үшін ауыр соққы.

Зерттеушілер буллингтің түпкі себебі көбіне әлеуметтік ортаға байланысты екенін айтады. Мәселен, отбасындағы жанжал балаға әсер етпей қоймайды. Кейде буллингке баратын балалардың өздері де үйінде немесе басқа ортада зорлық-зомбылық көрген болып шығады.

«Буллингке ұшыраған баланың сабақ үлгерімі төмендеп, өз-өзіне сенімсіздігі оянады. Ұзақ мерзімде депрессияға түсу, айналып келгенде, әлеуметтік оқшаулануға алып келеді. Сонымен қатар, буллинг тек бір балаға емес, бүкіл сыныптың ішіне әсер етеді. Жасөспірімдер арасында сенімсіздік пайда болып, достық қарым-қатынас әлсірейді» дейді елордалық ұстаз Айгерім Сейтматова.

МОБИЛЬДІ ТОПТАР ҚҰРЫЛДЫ

Жалпы, елімізде буллингке қарсы нақты шаралар қолға алынуда. Мәселен, 2023 жылдан бастап балаларға қатысты буллинг пен кибербуллинг әкімшілік құқықбұзушылық ретінде қаралып, заңға өзгерістер енгізілді. Енді мұндай әрекет жасаған оқушыға немесе оның ата-анасына ескерту жасалып, қайталанса, айыппұл салынады.

Міне, жаңа оқу жылы басталған тұста Астананың білім беру ұйымдарында да жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтардың алдын алуға бағытталған жүйелі профилактикалық жұмыс қайта жанданды. Осы жұмыстың аясында қаладағы барлық мектепте профилактика мен алдын алуды қамтамасыз ететін мобильді топтар құрылды. Күні кеше қала әкімінің орынбасары Есет Байкеннің төрағалығымен Оқушылар сарайында осы топтардың жұмысын ұйымдастыру мәселелері бойынша жиын өтті. Оған қадағалау және құқық қорғау органдары қатысты.

Кездесу барысында мобильді топтардың биылғы оқу жылына арналған бірқатар міндеті айқындалды. Қыркүйектен бастап жоғары сынып оқушылары үшін профилактикалық дәрістер, сондай-ақ тәуекел тобындағы балалардың отбасыларымен кездесулер өтетін болады. Оқушыларға құқыққа қайшы әрекеттердің, буллинг пен кибербуллингтің салдары туралы бейнероликтер көрсетіледі. Бір сөзбен айтқанда, мобильді топтардың жұмысы жүйелі түрде жүргізілмек. Олардың құрамына құзырлы органдардың өкілдері, елордалық аудан әкімдерінің орынбасарлары, қалалық Білім басқармасының қызметкерлері, психологиялық қолдау орталығының мамандары және спорт қайраткерлері тартылған.

Буллинг – баланың жай ғана «ойыны» емес. Баланың болашағына әсер ететін күрделі мәселе. Әрбір ата-ана баласының не нәрсемен айналысатынын, кіммен араласатынын және бос уақытын қалай өткізетінін бақылап отыру керек. Мұғалім де, қоғам да бүгінгінің бүлігіне қарсы бірлесе әрекет еткенде ғана, бала өзін қауіпсіз сезінеді.

«Мемлекеттік тіл – тек қарым-қатынас құралы емес, ол – елдің тәуелсіздігі мен бірлігінің тірегі. Әрбір азамат ана тілін қадірлеуді өзінен бастауы тиіс» дейді Астана қаласы Полиция департаменті Тергеу басқармасының тергеушісі полиция подполковнигі Нұрбақыт Жанхан.

ТІЛ ЖАНАШЫРЫ – ЕЛОРДАЛЫҚ ТЕРГЕУШІ



Нұрбақыт – құқық қорғау саласында 23 жылдан астам уақыт бойы абыроймен еңбек етіп келе жатқан тергеуші. Ол еңбек жолын қарапайым тергеушіден бастап, талмай ізденіс пен кәсіби тәжірибесінің арқасында өзінің біліктілігін дәлелдеді. Қызмет барысында жауапкершілік, әділдік пен табандылық танытып, сан қилы күрделі істерді сәтті ашуға атсалысты.

Тәртіп сақшысы – көпбалалы әке. Бос уақыты бола қалса отбасына, жақындарына арнайды. Табиғат аясында серуендегенді, велоспорт, атқа міну және ауыр атлетикамен айналысады. Жыл сайын жүгіру марафонына қатысады. Білімге деген ынтасы мен талпынысының арқасында магистратураны және докторантураны тәмамдап, ғылыми ізденістерін кәсіби тәжірибесімен ұштастырған. Ол – жас мамандарға тәлімгерлік етіп, өз тәжірибесін үйретуден жалықпайтын, ұжым ішінде беделді әрі сыйлы қызметкер.

Мемлекеттік тілді жетік меңгерген, құжаттарды сауатты рәсімдеуде, ресми стильде жазуда ерекше үлгі көрсететін маман. Оның іс жүргізу тәжірибесі – әріптестері үшін әдістемелік құрал іспетті. Тергеушінің мемлекеттік тілге деген құрметі әр іс-әрекетінен көрінеді.

– Қоғамға адал қызмет ету – өмірлік ұстанымым. Тергеуші кәсібіне берік, әділдікті ту еткен, парасатты да білімді тұлға болуы керек. Бұл мамандыққа сонымен қатар табандылық пен кәсібилік аса қажет. Мемлекеттік тілге деген құрметім жас буынға үлгі болса екен, – дейді Н.Жанхан.

Тілдер күні қарсаңында оның қызметі мен еңбегі ерекше мәнге ие. Ол өз кәсібі арқылы заңдылықты ғана емес, тіл мәдениетін де насихаттап, мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыруға зор үлес қосып келеді. Әріптестері оны мемлекеттік тілде сөйлеп қана қоймай, іс қағаздарды да мінсіз жүргізетін, шынайы тіл жанашыры ретінде құрметтейді.

Дайындаған **Райхан РАХМЕТОВА**



ЕСІРТКІМЕН КҮРЕС ҚАРҚЫН АЛАДЫ

«Заң мен тәртіп» тұжырымдамасын жүзеге асыру аясында елордада нашақорлыққа қарсы бағытталған 30 күндік кешенді профилактикалық іс-шара басталды.

Полиция департаментінде прокуратура, полиция қызметкерлері және нашақорлықтың алдын алу мен есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл жөніндегі ведомствоаралық штаб мүшелерінің қатысуымен ведомствоаралық кеңес өтті.

– Нашақорлық пен есірткі қылмысына қарсы күрес – құқық қорғау органдарының басты міндеттерінің бірі. Бұл барлық құрылыммен тығыз өзара әрекеттесуді талап етеді. Біз жүйелі түрде профилактикаға басымдық беріп отырмыз және тек қоғаммен бірлескен жұмыс қана жастарды қорғап, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді деп сенеміз, – деді полиция департаменті бастығының бірінші орынбасары Қуаныш Орынбетов.



Іс-шаралар кешені аясында бірлескен рейдтер, оқу орындарында профилактикалық кездесулер өткізу, сондай-ақ тыйым салынған заттарды таратын интернет-ресурстарды анықтау және жою жұмыстары жүргізіледі.

Жастармен өзара әрекеттесуге, халықтың құқықтық сауаттылығын арттыруға ерекше назар аударылады. Қабылданған шаралар азаматтардың денсаулығын қорғауға, қоғамдық қауіпсіздікті нығайтуға және есірткі қатеріне тиімді қарсы тұруға бағытталған.

«УЧАСКЕ»: ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІП НЫҒАЙТЫЛУДА

Елорда полициясы «Учаске» жедел-профилактикалық іс-шарасын жүзеге асыруда. Оның мақсаты – әкімшілік учаскелердегі құқықтық тәртіпті нығайту және азаматтармен сенімді қарым-қатынас орнату, құқықбұзушылықтардың алдын алу және қала тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Іс-шара аясында әрбір әкімшілік учаскені қамтитын мобильді топтар құрылды. Ерекше назар мына мәселелерге аударылады: іздеуде жүрген және құқық бұзуға бейім адамдарды анықтау, көші-қон заңнамасының сақталуын тексеру, профилактикалық есепте тұрған адамдармен жұмыс жүргізу, өмірлік қиын жағдайға тап болған отбасылар мен қараусыз қалған кәмелетке толмағандарды анықтау. Сонымен қатар полицейлер пәтерлер мен үйлерді аралап тексеру жүргізуде, саяжай алқаптары мен өзге де аумақтарды қадағалауда. Іс-шара өткізілген екі күн ішінде 15 ұсыныс енгізілді. Әлі де жалғасып жатқан жұмыстар аясында полицейлер көпқабатты үйлерді, аулаларды аралап, саяжай массивтерін, базарларды, саябақтарды және адамдар көп шоғырланатын басқа да орындарды тексеруде.

Екі күннің ішінде заңды және жеке тұлғаларға құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде 15 ұсыныс жолданды. Бұл құжаттар ұйымдар мен азаматтарды болашақта мұндай заң бұзушылықтардың алдын алу үшін тиісті шаралар қабылдауға міндеттейді. Рейдтер барысында түрлі заң бұзушылықтар анықталуда. Мәселен, қаланың бір мекемесінде 21 жасқа толмаған азаматтарға алкоголь өнімін сату дерегі тіркелді. Заң бойынша алкоголь алуға тыйым салынған тұлғаларға өнім сатқан үшін мекеме иесі әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Сонымен қатар полицейлер көші-қон заңнамасының сақталуын тексеріп, қараусыз жүрген кәмелетке толмағандарды, қоғамға қарсы әрекеттерді анықтауда, сондай-ақ іздеуде жүрген немесе профилактикалық есепте тұрған адамдарды тексеріп жатыр.



№105 (4849) 06/09/2025 Сенбі



Ержан ҚОЖАС

ҚАЗАҚСТАНҒА «ҚАСІРЕТТІ ТУРИЗМ» ҚАЖЕТ ПЕ?

Байлығы тасыған бақуатты елдің тұрғындарына таңсық бір дүние бар. Ол – «Dark tourism». Тура қазақшаласақ, «қасіретті туризм» дегенге саяды. Бұл сөз әлемдік туризм индустриясында кейінгі он жылдықта кең таралғандай. Яғни, жаңа бағыт. Дұрысы, алғаш XX ғасырдың соңында ғылыми еңбекке еніп, адамзат тарихындағы қайғылы оқиғаларға, саяси қуғын-сүргінге, геноцидке, соғыс пен апат орындарына туристік қызығушылықты арттыруға қолдана бастаған термин еді.

«ҚАСІРЕТТІ ТУРИЗМ» – КӨҢІЛ КӨТЕРУ ЕМЕС

Жоғарыда айтқандай, теңіз бен түрлі табиғаты сұлу жерден гөрі, табиғи апат пен адам қолынан болған оқиғалар орнына құмартатындар саны жетерлік. Әрі олардың көбі – өткен тарихқа үңілушілер. Туристердің мұндай тобы Қазақстанға да жиі аялдап жүр. Бұған еліміз де XX ғасырдағы ауыр тарихи кезеңдерге куә халық ретінде «қасіретті туризмнің» өзіндік бағыттарын ұсына алады. Бұл – мамандардың сөзі.

«Айта кететін жайт, «қасіретті туризм» – жай ғана демалу немесе көңіл көтеру емес, керісінше өткен тарихи қасіретті оқиғаларды тану, олардың адамзатқа тигізген зардабын түсіну бағытталған ерекше тәжірибе. Мұндай сапар көбіне туристерге түрлі эмоция қалдырып, тарихи әділетсіздіктерді түсінуге, адамзат тарихынан сабақ алуға ықпал етеді» дейді Халықаралық туризм және меймандостық университетінің Басқарма төрағасы – Ректор Әлібек Шоқпаров.

Әлібек Жұмабекұлының сөзінше, біздегі «қасіретті туризм» әлі толық игерілмеген. Десек те болашағы бар.

«Семей полигоны мен Арал теңізі – экологиялық апат аймағы екені түсінікті. Екеуі де адамның табиғатқа жасаған орасан зор қателігінің айқын көрінісі. «Қасіретті туризмнің» тағы бір орталығы – Қарағандыдағы КарЛАГ, яғни Қарағанды еңбекпен түзеу лагері. Лагерь көлемі жағынан бүкілодақтық ГУЛАГ жүйесінің ең ірі орталықтарының бірі болды. Долинка кентіндегі музей бүгінде мыңдаған шетелдік туристерді қабылдайды. Экспозициялар саяси қуғын-сүргінге ұшыраған адамдардың тағдырын баяндап, лагерь өмірінің ауыр шындығын көрсетеді. Ал Ақмоладағы ең ірі лагерь – АЛЖИР (Отанын сатқандардың әйелдері лагері) «қасіретті туризмнің» маңызды нысандарының бірі. Онда мыңдаған әйел, олардың ішінде әйгілі ғалымдар мен қайраткерлердің жұбайлары жазықсыз жазасын өтеді. Қазіргі музей сол зұлматты еске түсіріп, тарихи әділетсіздікті көрсетуге арналған» дейді ректор.

Сондай-ақ Қазақстанда Степлаг, Песчанлаг сияқты өзге де лагерьлер болған. Олар да болашақта «қасіретті туризмнің» халықаралық маршруттарына қосылуы мүмкін. Ашаршылық пен қуғын-сүргін құрбандарына арналған ескерткіштерді де «қасіретті туризм» нысандарына жатқызуға болады. Бұлар аса тартымды болмаса да тарихи шындықты тануға қызмет етері сөзсіз.

«Әлемде «Dark tourism», яғни «қасіретті туризм» саласы адамдарға тарихтан сабақ алып, өткенді ұмытпауға мүмкіндік береді. Әдетте оған апат немесе саяси қуғын-сүргін орындарына бару жатады. Қазір елімізде мұндай нысандарға келушілер саны артуда. Мұнан бөлек, әр облыстың өзіндік ерекшелігіне айналған орындар шетелдіктердің назарын аударып тұр. Мәселен, Шарын шатқалы, Көлсай мен Қайынды көлдері, «Шымбұлақ» тау-шаңғы курорты және мәдени-тарихи орталықтар мен көрнекті орындар жиі таңдалады. Елдің оңтүстігінде Ахмет Ясауи мавзолейі, Отырар тәрізді Ұлы жібек жолы бойында болған тарихи мекендерге қызығушылық бар. Батыста Бозжыра шатқалы, Торыш алқабы, Бекет ата жерасты мешіті, Шерқала тауы және Каспий теңізі аумағын атап өтуге болады. Шығыстан «Қатонқарағай» ұлттық паркін, «Рахман» қайнар бұлағын, Берел қорғандарын да айта аламыз. Астанамыз Бәйтерек, Бейбітшілік және келісім сарайы, Бас мешіт тәрізді нысандармен көзге түседі. Ақмола облысындағы Шучье-Бурабай курорттық аймағын тамашалауға да сұраныс көп» дейді «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының міндетін атқарушы Даниел Сержанұлы.

ТУРИСТЕРГЕ ШЫНАЙЫ ЭКСПОНАТ КЕРЕК

Өңірде тілші болып (Қызылорда) жүргенімізде теңізді өлке – Аралға сапарлап бардық. Сондағы «Балықшылар» музейіне соққанбыз. 2012 жылдан бастап қызмет көрсететін мәдени нысанда теңіз жәдігерлері топтастырылған. Ішіндегі әр дүние – бір-бір тарих. Мұнда 1700-ден аса экспонат бар. Келушілер музейдің «Балықшылар» және «Кемелер» деп аталатын екі бөлігін аралауға тұтастай бір күнді толық арнауына болатын сияқты.

Ғимарат сыртында ат шана, түйе шана, қайықтар, жылым тартуға арналған шығыр, Ленин сыйға тартқан станок, капитандар есімі жазылған кемелер тұр. Ең үлкені – Лев Берг деп аталатын 25 метрлік кеме. Мұның өзі жағалауда қараусыз қалғанда музей жанашырлары төрт бөлікке бөліп, осында әкеліпті. Қайта құрастырып, кеме ішін залға айналдырған.

Кеме демекші, теңіз тартылған соң олардың жайы қалай болған? Құрғаған ұлтанда олар қараусыз, қайырлап жатқаны белгілі. Күн өтті, ауа райының әсері бар, тот басты, құмда қисайған күйі қаңырап тұрған еді. Сонда да тыныштық бермеппіз. Кәрі теңіздің куәсіндей болған кемелерді талауға салдық. Салғаны сол, сырт елге темір өткізгіштер бөлшектеуге көшті. Шетінен бұтарлап, үлкен жүк көлігіне тиегенін талайдың көзі көрді.

«Жағада қалған кемелер кешегі күнге дейін болды. 5-6 жыл бұрын да туристер барып, тіпті басына түнеп жүрді ғой. Қазір онда кеме жоқ. Ал мына музей алдында тұрған кемелерді көрген шетелдіктердің көңіл-күйі бірден түсіп кетеді. Неге? Өйткені олар шынайы емес. Бояп, сыртын сырлап қойғанбыз. Жасанды екені көзге ұрып-ақ тұр. Оларға құмда қайраңдап, қисайған сұлбасы қалған кеме қызық. Ал көрші Өзбекстан теңізден қалған кемелерін сақтап үлгерді» деді сонда музей қызметкерлері.

Рас-ау. Теңіздің Өзбекстан беттегі Мойнақ тұсында қалған кемелердің бір жерге жиналғанын естігенбіз. Тіпті мемлекет қарауына өтіп, сыртын да қоршапты. Ал онда кемелердің өзі түгілі, бір затына әлдебіреу суық қолын жүгіртсе, жазасы да тым қатал дейді білетіндер. Ақиқаты сол, сонда барушы туристер ағыл-тегіл көрінеді.

«Арал теңізінің Өзбекстан, яғни, қарақалпақ ағайын мекен ететін Мойнақ жері бір кездері су толы аймақ болғаны белгілі. Қазір тек құрғаған ұлтан ғана қалған. Мойнаққа мыңдаған шетелдік турист келеді. Өйткені мұнда ежелгі қалалардан бөлек, кемелердің қаңқасы көп сақталған. Өзбектер теңіздің куәсіндей болған дүниелерін қорғап, ашық аспан астында туризмді жандандырып отыр» дейді әріптесіміз, бұрын «Хабар24» телеарнасының Өзбекстандағы меншікті тілшісі болған Рауан Мыңбаев.

КЕСІЛГЕН КЕМЕНІ КІМНЕН СҰРАРСЫҢ?!

Кезінде қараусыз қалдырып, бүгінде кемелер орнын сипап қалғанымыз кімнің кінәсі? Ал көп жылдан бері туристерге гид-аудармашы болып қызмет атқарған аралдық Серік Дүйсенбаевтың пікірі ойландырмай қоймайды.

«Әлі есімде, сол кездегі басшылық «кемелерді Аралға әкелу, иә болмаса қорғау қиын» деді. Кейін Жалаңаштағы он екі кемеден соң Ақеспедегі алты кемені қанша айтып жүргенде оны да 4 жыл бұрын тып-типыл қылды. Шығанақтағы Пинк Флойд клип түсірген кемелер екібастан жоқ болды. Әлі де кеш емес, Ақбастыдағы екі кемені Аралға не бақылай алатындай жақын жерге әкелуге болады. Бірақ фундаментке не тұғырға орнатпай-ақ, табиғи күйінде теңіз табанында қайырлап қалғандай орналастыру керек. Екі кеме үшін ешқандай турист 280 шақырым жерге бармайды, оның үстіне ол екеуі фото не бейнетүсірілім жасауға болатындай әсерлілігін жоғалтқан» дейді Серік.

Оның сөзінше, туристерді Аралдан Жалаңашқа дейін қырық бес шақырым бойы кепкен теңіз табанымен алып жүресіз. Жолда ескі балық қабылдау орнын, жел күні сордың үстінде тұзды құйындар көруге болады. Әрі қарай Жалаңаш, Тастүбектен балықшы отбасынан түскі ас, шұбат, түйе сауды көрсету, балықшылармен бірге балық аулау, әрі қарай Ақеспеге дейінгі каньондар, Қарасандықтағы төбелерге жаяу шығу, ыстық бұлақ пен Ақеспенің құмында Дубайдағыдай джиппен сафари. Осының бәрі тек қана қайраңдап қалған кемелерді көру үшін келген туристке жолай ұсынылатын дүниелер еді. Ал кемелер кесіліп, темір қабылдаушыларға кеткелі олардың саны азайған.

«Кейінгі 15 жылдықта Арал ауданына алыс-жақын елдерден шетелдік туристердің келе бастады. Оның басты себебі бар. Америкада, Еуропада шығатын «Lonely Planet/Central Asia», «Bradt», тағы басқа жол-серік кітаптарда Қазақстанға арналған бөлігі болды. Онда Аралдағы кемелер қорымы арнайы туристік нысан болып енген. Бұл кітаптар әр төрт жылда жаңарып тұрады, кітап журналистері көрсетілген маршрут бойынша барлық нысанды аралап, толықтыру жұмысын жүргізеді. Мұнда тек қана саяхат орны ғана емес, сонымен бірге қонақ үйлер, музей, дәмханалар туралы мәлімет үнемі жаңартылады» дейді Серік.

ӘУЕЛІ КЕРЕГІ – ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Серіктің айтуынша, туристердің сырт айналуына кінәлі тек өзіміз. Кейінгі жылдары кемелер қорымын адамдар толықтай жойған.

«Біріншіден, біздегі туристік нысандардың көбінде инфрақұрылым нашар. Жол жоқ. Жарық пен су желісі толық тартылмаған. Екіншіден, көп бар нәрсені өзіміз қолдан құрттық. Бір ғана мысал, 2016 жылы Арал теңізі маңындағы Жалаңаш елді мекеніне жақын 12 кеменің соңғы үшеуі толық кесілді. Шығанақтағы 10 шақты кеменің барлығы, әнші Диана Шарапова «Аралдан ұшқан аққулар» атты бейнебаянын түсірген кеме де жартылай кесілген. Ақеспе маңындағы соңғы екі үлкен кеменің біреуін 2017 жылы бөлшектеп тынды. Әлем аузына қараған BBC, CNN, Voice of America сияқты компаниялары, қаншама фильм түсірушілер мен фотографтардың, «Pink Floyd» бастаған неше түрлі музыканттардың да қызығушылығын арттырған осы кемелер болатын. Youtube-тағы Аралға қатысы бар шетелдік деректі фильмдерді немесе арт-жобаларды алып қарасаңыз, бәрінде біздің кемелер жүр. Бұл кемелердің ерекшелігі – тарихтан сыр шертіп, табиғат аясында сол қалпында жатуы. Шетелдіктер үшін қазіргі музей жанындағы ескі айлақта тұрған кемелер қайта боялған ескерткіш қана. Жалпы фильм, фотосурет тұрғысынан теңіз табанында қалғандары ғана ерекше әсерлі. Туғалы жасыл желек, өзен-көл, мұхит көріп жүргендер үшін бұл – экзотика» дейді Серік.

Аралдық жігіттен естіген кемелер туралы шындық осы. Ал бүгінде алдын ала хат жолдаған туристер мұнда кеме қалмағанын естіп, сапарын әрі қарай жалғастырып жүр екен. Құрғаған теңізде туризмді дамытудың бірден-бір жолы осындай кемелерді сақтап қалу арқылы жүзеге асарын енді білдік. Білгенмен пайда бар ма?!

P.S: ***Елге келетін туристердің көбі мәдени-танымдық және табиғи бағыттарды таңдайды. Қазір Президент тапсырмасымен осы саланы жаңғыртуға, бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және жаһандық экономикаға кірігуге бағытталған жүйелі шаралар жүзеге асыруда. Дегенмен біз айтқан туризмнің бұл саласына бетбұрыс толықтай бұрылмаған. Ал жалпы туризм саласының әлі де инфрақұрылым игілігін кем көріп отырған өтірік емес еді.***

«АСТАНА АҚШАМЫ» – 35

САРЫАРҚАДА – МҰХИТАРАЛ

«Алтын жұлдыз» еліміздің ең таңдаулы басылымдарына берілетін мәртебелі сыйлық. Журналистика мен бұқаралық ақпарат құралдарын дамытуға қолдау көрсету, Қазақстан қоғамында журналист мәртебесін көтеру, отандық БАҚ арасында бәсекелестікті дамыту, үздік журналистерді шығармашылық ізденісі мен шеберлігі үшін көтермелеу мақсатында тапсырылады. 2003 жылы «Астана ақшамы» газеті әлеуметтік-экономикалық және мәдени-рухани тақырыптарды кең қамтыған басылым ретінде танылып, аталмыш сыйлықты иеленді.



2003 ЖЫЛ

«АСТАНА АҚШАМЫНЫҢ» «АЛТЫН ЖҰЛДЫЗЫ»
29 наурыз, №41 (1215)

1995 жылы журналистика саласындағы жалпыұлттық сыйлық болып тағайындалған «Алтын жұлдыз» 2001 жылдан бастап Қазақстан Журналистика академиясының ресми сыйлығына айналды.

«Алтын жұлдыз» – еліміздің ең таңдаулы басылымдарына берілетін мәртебелі сыйлық. Журналистика мен бұқаралық ақпарат құралдарын дамытуға қолдау көрсету, Қазақстан қоғамында журналист мәртебесін көтеру, отандық БАҚ арасында бәсекелестікті дамыту, үздік журналистерді шығармашылық ізденісі мен шеберлігі үшін көтермелеу мақсатында тапсырылады.

2003 жылы «Астана ақшамы» газеті әлеуметтік-экономикалық және мәдени-рухани тақырыптарды кең қамтыған басылым ретінде танылып, аталмыш сыйлықты иеленді.

АСТАНАҒА «АВТОМАТТЫҢ АТАСЫ» КЕЛДІ
6 мамыр, №58 (1232)
Төлен ЗӘРУБАЙҰЛЫ

Елордаға республикалық Ұланның қолбасшысы, генерал-майор Болат Ысқақовтың жеке шақыруымен әйгілі конструктор, генерал-лейтенант Михаил Калашников келді.

Сәті түскен сапар айтулы оқиға ретінде қалың елді елеңдетті. 84 жасында Астана топырағына табан тигізген, «Автоматтың атасы» атанған М.Калашников Ұлы Отан соғысы басталғанда майданға аттанды. Брянск түбіндегі кескілескен шайқаста ауыр жараланып, госпитальге түседі. Сонда жатып, соғыстағы солдаттарға пистолет-пулемет жасап шығаруды ойға алады. Ол Матай стансасында қаруды жетілдірумен айналысқан. Көп ұзамай өз дегеніне қол жеткізді. 1949 жылы ғылыми-зерттеу полигонында өздігінен от алып атылатын карабин үлгісін жасады. Кейінірек осы үлгі өзінің әйгілі автоматының негізі болды. 1949 жылы Кеңес армиясы Калашников автоматымен қаруланды.

ШЫҒЫС ЕЛІНІҢ ШЫНАЙЫ КӨМЕГІ
31 мамыр, №69-70 (1244)
Төлеубай ІЛДЕБАЕВ

Астананың М.Әуезов және Дружба (қазіргі Ықылас Дүкенұлы) көшелерінің қиылысында бой түзеген жаңа қалалық медициналық жедел жәрдем станциясының ашылу салтанаты өтті.

Ел Үкіметі «Астана қаласының жедел және қауырт жәрдем қызметін дамытуды қолдау» жобасын әзірлеп, Жапонияның Қазақстандағы елшілігінен қажетті жабдықтармен жабдықталған жедел жәрдем көліктерін сатып алуға қаржылай көмек сұраған. Соның негізінде Жапония үкіметі жалпы грант шеңберінде өтеусіз көмек көрсету туралы шешім қабылдады. Сөйтіп 23 жедел жәрдем көлігін сатып алуға грант бөлінді. Оның сомасы 454 млн жапон иенін құрады. Аталмыш жобаға Астана қаласының әкімдігі де қаржы бөлді. Осылайша елордада жаңа қалалық медициналық жедел жәрдем стансасы бой көтерді.

КҮШ АТАСЫ ҚАЖЫМҰҚАННЫҢ МЕДАЛІ
19 маусым, №79 (1253)
Арман ӘМЕН

Күш атасы Қажымұқанның 1912 жылы чемпион болғанда алған медалі табылды. Ол


Астана ақшамы

– Нұра өңірінде тұратын Шеру ақсақалдың қолында.

Бір бетінде күресіп жатқан екі балуанның суреті бейнеленген медальдің екінші бетінде «Муха-Нурь отъ Варшавскиось магометань 09.03.1912» деген жазу бар. Польшадағы мұсылмандар қауымы Қажымұқанды тұңғыш чемпион болған жалғыз мұсылман баласы деп осы медальді табыстаған екен.

Шеру Сейітқалиевтің атасы Смайыл қажы Қажымұқанмен дос болды. Ақмола өңірінің тумасы Қажымұқан кезекті бір сапарында сыйлас қажыға қандай жүлде алсам да өзіне әкелем деп кетсе керек. Сол уәдесімен Польшадан қайтып оралғанда осы медальді әкеліп, балаларына бабалық белгі болсын деп аманат еткен. Смайылдан Сейітбаттал мен Сейітқали атты екі ұл тарады. Шеру ақсақал – осы Сейітқалидың ұрпағы.

ҚОСШЫҒҰЛОВТЫҢ АБАЙҒА ЖАЗҒАН ХАТЫ
31 шілде, №100 (1274)
Қуаныш АХМЕТОВ

«Еліміздің Орталық мемлекеттік мұрағатындағы 64 қорда көлемі 300 параққа жуық қомақты іс бар. Онда 1900-1904 жылдар аралығындағы қазақ даласындағы мұсылман дінінің ықпалымен күрес төңірегіндегі бірқатар деректер жинақталған. Істің біраз беттері ұлы Абай есіміне тікелей байланысты.

Мәселе, 1903 жылы 9 наурызда көкшетаулық мұғалім Шәймерден Қосшығұловтың Семей оязының Шыңғыстау болысында тұратын Абай Құнанбаевқа жолданған хатынан өрбиді.

Дала данышпанына жолданған хатқа отаршылдық жүйе айрықша мән берген. Абайға хат жіберген бойда бақылауда жүрген Қосшығұлов қамауға алынды. Тінту кезінде оның қалтасынан осы хатты салғанда берілген пошта квитанциясы табылады. Іле-шала хаттың Семей оязының Арқат поштасына жеткендігі белгілі болыпты. Олар хат мазмұнымен жасырын танысқан болулары керек, дала губернаторы Сухотин 21 мамырда Семей облысының әскери губернаторы, генерал-майор Галкинге хатты Құнанбаевқа куәлар алдында табыстауға жеделхат арқылы нұсқау береді. Сол жылдың сәуір айында Семей оязының бастығы Абайдың өзінен, бала-шағасынан жауап алып, үйіне тінту жүргізді... Галкин мінездемесін: «Құнанбаев саяси тұрғыдан ешқандай қауіп туғызбайтын әбден сенімді адамдар қатарына жатады» деп тұжырымдайды.

МАХАМБЕТ АТЫН ИЕЛЕНДІ
18 қазан, №137 (1311)
Қымбат ТОҚТАМҰРАТ

«Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен Астанадағы Оқушылар сарайына Махамбет Өтемісұлының есімі берілді.

Ал Оқушылар сарайы – балалар мен жасөспірімдердің елордадағы жалғыз орталығы. Талантты балаларды таныту, оқушылардың бос уақытын дұрыс пайдалануға үйрету, оларды шығармашылық жұмыстар ұйымдастыруға баулу, өскелең ұрпақтың өмірге деген қызығушылығын арттыруға және салауатты өмір салтына тәрбиелеуге осы орталықтың маңызы үлкен.

2004 ЖЫЛ

«МӘДЕНИ МҰРА» БАҒДАРЛАМАСЫ ҚАБЫЛДАНДЫ

13 қаңтарда «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы қабылданды.

Бағдарламаны қабылдағаннан кейін 2004 жылы 51 тарихи және мәдени ескерткіштің реставрациялық жұмысы аяқталып, 39 қалашық пен қорғандарға археологиялық зерттеулер жүргізілді. 218 нысанды қамтыған Қазақстанның тарихи-мәдени және тарихи ескерткіштерінің мемлекеттік тізімі дайындалды. Ұлттық мәдениет үшін аса маңызды 30 сәулеттік және археологиялық қосымша ғылыми зерттеулер жүргізілді.

Бағдарлама аясында 2014 жылы «Бабалар сөзі» атты қазақ фольклорының 100 томдығы жарық көрді. Бұл топтаманың 20 томы батырлар жырына, 13 томы тарихи жырларға арналған. 7-еуі – діни, 13-і – хикаялық дастандар, 8-і – ғашықтық дастандар, 5-томы – ертегілер. «Бабалар сөзі» жинағында қазақ халқының ғасырлар бойы жинаған асыл мұрасы, тарихы, мәдениеті, салт-санасы, философиясы, педагогикасы, өнері қамтылған.

АЛҒАШҚЫ АУКЦИОН

Елорда әкімдігінде алғаш рет жер телімі ашық аукционмен сатылды.

Осындай ашық аукционның арқасында тек жеңіп шыққандар ғана жер телімінің иесі атанды. 40 минутқа созылған аукцион әлемдік тәжірибелерге сүйене отырып, ағылшын әдісімен өткізілді. Сол жағалаудағы жаңа әкімшілік орталығынан ұсынылған көп пәтерлі тұрғын үй құрылысын салуға арналған жер телімін сату бастапқы бағасынан бес есеге дейін өсті. Нәтижесінде қала қазынасына 23 млн теңге пайда түсті.

ЖАПОНДАР ЖАРЫЛҚАДЫ

Ілгеріде Қазақстан Үкіметі «Астана қаласының жедел және қауырт жәрдем қызметін дамытуды қолдау» жобасын әзірлеген еді. Соның негізінде Жапония үкіметі жалпы грант шеңберінде өтеусіз көмек көрсету туралы шешім қабылдады. Сөйтіп 23 жедел жәрдем көлігін сатып алуға грант бөлінді.

2014 жылы Жапон елінен Астана жедел жәрдем стансасына 23 санитарлық көлік жеткізілді. Күншығыс елінің достық мұратта берген жалпы тартуы 3,5 млн долларды құрады.

ОКЕАНАРИУМ – БІРЕГЕЙ НЫСАН

Елордада «Астана – Думан» ойын-сауық орталығының тұсауы кесілді.

Қазақстандағы тұңғыш, әрі мұхиттан 3000 километрден астам қашықта орналасқан әлемдегі жалғыз жасанды мұхитарал. Оның сыйымдылығы – 3 миллион литр су. Мұнда әлемнің 100-ден астам теңіз фаунасы өкілдерінен тұратын 3000-дай теңіз мекендеушілері тіршілік етеді. Оңтүстік Америка мен Оңтүстік Шығыс Азия, жағалау аймақтары, тұңғиық су мен кораллды риф тұщы су мекендеушілері мекендейді. Мұхитарал көлемі әртүрлі 20 аквариумы бар үш үлкен көрме аймағынан тұрады. Мұхитаралдың басты нысаны – түбі жылжымалы жолмен жабдықталған 70 метрлік жер асты жолы бар, қалыңдығы – 7 см акрил шынысынан жасалған үлкен аквариум.

Қызыл теңіз тұзының көмегімен дайындалған су жабық айналым жүйесінде үнемі тазартылып отырады. Бүгінде бұл нысан «Ailand» атауымен белгілі.

ЕЛОРДАДА ҰЛТТЫҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ КІТАПХАНА АШЫЛДЫ

10 маусымда Астанадағы ірі рухани орталық Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасы салтанатты түрде ашылды.

Жаңа кітапхана – жалпы алаңы 15000 шаршы метрді құрайтын, қазіргі заманға сай 5 қабатты ғимарат. Кітапхана қызметін 15 мыңнан аса оқырман пайдалануда. Кітап қоры 380000-ға жуық. Кітаптан бөлек, кітапханаға қазақ, орыс және басқа да шет тілдерінде 1500-ден аса атаумен отандық, шетелдік мерзімді басылымдар келіп түседі.

БІЛІМ ЖҮЙЕСІНЕ АЛҒАШ РЕТ ҰБТ ЕНГІЗІЛДІ

2004 жылы Қазақстанның білім саласында алғаш рет Ұлттық бірыңғай тестілеу енгізілді. ҰБТ – Қазақстан Республикасында қолданылатын мектеп бітірушілердің білімін сынау жүйесі.

ҰБТ-ның нәтижесі жалпы және орта білім ұйымдары бойынша мемлекеттік аттестацияның қорытындысы ретінде есептеледі. Бұл тестілеу жалпы білім жүйесіндегі білім сапасын сырттай бақылайтын тәуелсіз жүйе ретінде қалыптасты. Оқушының Қазақстан университеттеріне түсу мүмкіншілігі және қорытынды аттестатының бағасы оның ҰБТ-да алған балының санына байланысты болады.

ЖАСЫЛ БЕЛДЕУ ЖАЙҚАЛАДЫ

2004 жылы сәуір айында Астана қаласы маңындағы жасыл белдеуге ағаш көшеттерін отырғызу жұмыстары басталды.

1998-2004 жылдар арасында «Жасыл белдеу» аумағына, негізінен, жапырақ тұқымдас көшеттер отырғызылды. Олардың ішінде сары қарақат, ақ көріктал, шие, татар бөріжидегі, қау жапырақты шегіршін және тағы басқалары бар.



№105 (4849) 06/09/2025 Сенбі

ТІЛДЕР МЕРЕКЕСІНДЕГІ ТУРНИР

5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күніне орай елордада қаламгерлер мен қоғам қайраткерлерінің қатысуымен бильярд турнирі өтті.



Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Қаламгерлер арасындағы береке-бірлікті нығайтып, өзара пікір ауысуына мүмкіндік жасау мақсатында ұйымдастырылған іс-шараны Астана қаласы әкімдігінің Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы, «Elorda Aqparat» медиахолдингі және Қазақстан Жазушылар одағының Астана қалалық филиалы бірлесе өткізді.

– 5 Қыркүйек Ұлт ұстазы – Ахмет Байтұрсынұлының туған күні. Соңғы жылдары Қазақстан халқы тілдер күні де осы күні ерекше ықыласпен атап өтіліп келеді. Аталған атаулы күнге орай қаламызда көптеген мәдени іс-шара өтіп жатыр. Соның бірі – осы турнер. Біз алдағы уақытта бұл турнир мен Наурыз мерекесі қарсаңында өтетін турнирді дәстүрге айналдырсақ деген ойдамыз. Өйткені бұл бас қаламыздағы қаламгерлердің басын қосатын тамаша мәдени іс-шара. Мереке құтты болсын. Мемлекеттік тілдің мәртебесі әрқашан биік болсын, – деді Астана қаласы әкімдігінің Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы Сәкен Есіркеп.

Турнирдің бас төрешісі, белгілі спорт журналисі Несіп Жүнісбайұлы «Бүгін тілдер күніне орай жарыс өткізіп жатырмыз ғой. Сондықтан бильярд деген сөзді де қазақшалап, «Тастаяқ», «Мәскеу пирамидасы» дегенді «Мәскеу үшбұрышы» деп алсақ» деген ұсыныс айтып, «Тастаяқ» атауын кезінде ақын Қажытай Ілиясұлы ұсынғанын еске салды.

Биылғы турнир еліміздің руханиятында өшпес із қалдырған тұлғалардың мерейтойларымен тұспа-тұс келді. Осыған орай жеңімпаздарға арнаулы номинациялар табысталды: Қойшығара Салғараұлына – «Алаш қайраткері Міржақып Дулатұлы дүниеге келгеніне 140 жыл» номинациясы; Алдан Смайылға – «Сәбит Мұқановтың дүниеге келгеніне 125 жыл»; Тұрсын Жұртбайға «Абай Құнанбайұлының дүниеге келгеніне 180 жыл» номинациясы бойынша арнайы бағалы сыйлықтар берілді.

Кіл мықтылар жиналған жарыстың соңғы айқасы өте тартысты өтті. Сайыста Талғат Ешенұлынан басым түскен Ұларбек Нұрғалымұлы бірінші орынды қанжығасына байлап, 300 мың теңге сыйлыққа ие болды. Екінші орын 200 мың теңгемен, үшінші орынға берілген екі орынға ие болған Айтмұхамед Есдәулет пен Ербол Ерденбек әрқайсысы 100 мың теңге иеленді. Сонымен қатар «мерген ойыншы», «мәдениетті ойыншы» және басқа да номинациялар бойынша үздіктер анықталып, бағалы сыйлықтармен марапатталды.





ТЕАТР МАУСЫМЫНДА НЕ ЖАҢАЛЫҚ?

Астана қаласындағы бірнеше жетекші театр жаңа маусымдарын салтанатты түрде ашып, көрермендерін рухани мерекемен қуантты.



Шапағат ӘБДІР

Атап айтар болсақ, Әзірбайжан Мәмбетов атындағы Мемлекеттік драма және комедия театры өзінің VIII маусымының шымылдығын әлемге әйгілі қаламгер Шыңғыс Айтматовтың «Ғасырдан да ұзақ күн...» романының желісімен қойылған «Боранды бекет» драмасымен ашты. Бұл қойылым ҚСРО және Қазақстанның халық әртісі, Қазақстанның Халық Қаһарманы, ҚСРО Мемлекеттік сыйлығының иегері атанған әйгілі режиссердің туған күніне орай көрерменге жол тартты.

Аталған драманы алғаш рет осы М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрында сахналаған Әзірбайжан Мәмбетовтің өзі болатын.

Қойылым трагизм мен философияға толы, бір бойына Боранды бекет, Сарыөзек, Ел іші, Жер планетасы сияқты кеңістіктерді тоғыстырып, бас кейіпкер Едіге арқылы тағдырдың күрделі жолдарын көрсететін бұл драма көрерменін терең ойға жетелейді, бір күндік сапардың астарында ғасырлық тағдыр жатыр. Жалпы шығарманың авторы – Шыңғыс Айтматов, аудармасы Шерхан Мұртаза, ал қойылым режиссері – Ұланмырза Қарыпбаев.

Маусымның ашылуына орай театр ұжымы конференция ұйымдастырып, алдағы жоспарлар мен өткен жетістіктері туралы бөлісті.

– Өткен маусымда театр бірқатар тың және мазмұнды қойылымдарды сахналады. Олардың қатарында Мұхтар Шахановтың «Танакөз» драмасы, Тахауи Ахтановтың «Күшік күйеу» комедиясы, Мұқағали Мақатаевтың күнделіктері негізінде жасалған «Мұқағали 21» муздрамасы, Бауыржан Момышұлына арналған «Ар адамы» деректі драмасы, балаларға арналған «Асан мен Үсен» ертегісі, Президенттің Жарлығымен сахналанған «Армандар орындалады» қойылымы және актер-драматург Қазыбек Аманжолдың «Сәйгүлік» атты муздрамасы бар. Бұл жеті түрлі жанрдағы қойылымдар театрдың жан-жақтылығын, көркемдік бағыттарының кеңдігін көрсетеді, ал көрермендердің қызығушылығы өте жоғары болғаны байқалады. Сонымен қатар театр ұжымы Бердібек Соқпақбаев атындағы фестивальде «Болмаған балалық шақ» драмасымен Гран-при жүлдесін иеленді, ал «Танакөз» қойылымы Ticketon байқауында үздік спектакль ретінде танылды. Театрдың шығармашылық табыстары мұнымен шектелмейді, бас режиссер болған менің және актер-драматург Қазыбек Аманжолдың есімдері Forbes журналына енгізілді, бұл қалтаның қалыңдығы үшін емес, театр өнеріне сіңірген еңбегіміз үшін, – деп атап өтті бас режиссер Әли Бидахмет.



Осы күні Астананың тағы бір жетекші өнер ордасы – Музыкалық жас көрермен театры да өзінің алтыншы маусымының шымылдығын түріп, Мұхтар Әуезовтің «Абай – Тоғжан» музыкалық драмасын сахналады.

Маусымның ашылуына орай театр фойесінде қызыл кілеммен жүріп өту салтанаты өтті, ал сахна төріне театр директоры әрі көркемдік жетекші, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Асхат Маемиров шығып, көрермендерді жаңа маусымның ашылуымен құттықтады.

Ол өзінің құттықтау сөзінде театр кеңістігінде маусымның басталуы – ерекше сәт екенін, бұл жаңа мақсаттар мен шығармашылық серпіннің кезеңі екенін атап өтті.

Маусымның шымылдығын түрген «Абай – Тоғжан» музыкалық драмасы – ұлы ақын Абайдың бозбала шағындағы алғашқы махаббатын, ішкі жан сезімін және поэзиясының бастау көздерін көркем сахна тілімен бейнелейтін ерекше туынды. Онда Абайдың Тоғжанға деген іңкәр сезімі арқылы оның өмірге, адамзатқа деген шексіз махаббаты мен көркем әлемі суреттеледі, бұл спектакль ұлт құндылықтарын дәріптей отырып, балалар мен жасөспірімдердің рухани дүниесіне әсер ететін эстетикалық мазмұнмен ерекшеленеді.

Жалпы алғанда, Астана театрларының жаңа маусымы тек өнер мерекесі ғана емес, рухани серпін мен жаңа шығармашылық кезеңнің бастауы болып отыр.

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 10 200. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс № 105
Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы,
Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Райхан РАХМЕТОВА